

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/MPRM4825>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**\*А. К. Сулейменова, М. Сахаба**

Инновациялық Еуразия университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АНАЛАР ПОРТРЕТІ**

*Бұл мақалада Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы аналар бейнесі толық ашылған. Ғабит Мүсірепов өз туындыларының басым бөлігін аналар тақырыбына арнаған, сондықтан да жазушы шығармаларында аналар портреті кеңінен танылады. Академик З. Ахметов жазушы шығармаларындағы кейіпкерлер туралы былай деген: «Ғ. Мүсірепов мүсіндеген әрбір кейіпкердің бейнесінен біз тұтас бір өмір шындығын көргендей күй кешеміз. Оның кейіпкерлері – негізінен, еңбек адамдары... ардақты ана бейнесі де Ғабен шығармаларынан орын алған». Ана тақырыбын кемеліне келтіріп, орыстың ұлы жазушысы А. М. Горькийдің дәстүрін қазақ әдебиетінде жалғастырып, шеберлікпен сомдаған. Ол М. Горькийден «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана», «Ана кесімі айнымайды» деген шығармаларын аударып, өзі де «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима» атты әңгімелерін жазады. Қазақ әйелінің отбасының ұйтқысы, ошағының жылуы, үйінің сәнін кіргізін, ұрпақ жалғаушы нәзік жандар екенін шығармаларында дәлелдейді. Ұлтан, Ақлима, Назыкеш сияқты тұлғалар арқылы жазушы аналар, арулар өмірін суреттеді. Мысалы: Ұлтан бейнесі – күшті, ақылды, қалың қауымның қамын көздеген ел қорғаны, ел анасы. Оның дүйім жұртты өз аузына қаратып, бағындыра білуі, ақылдылығын айшықтай түседі.*

*Кілтті сөздер: образ, портрет, репрезентатив, денотатив, меморатив, когнитив.*

### **Кіріспе**

Образдың жасалу жолдары сан алуан. Бірақ солардың ішіндегі ең негізгілері: портрет, мінездеу, адамның күйініш-сүйініштерін суреттеу, қатысушылардың сөздері және жанама мінездеу. Бұлар бір-бірімен нық байланысты. Шығармалардың құрылысында бірі ол жерде, бірі бұл жерде келсе де, жиынтығында кейіпкерлердің бейнесін айқындап, оларды ерекше көзге түсерлік образ-тип дерлік дәрежеге жеткізу жұмыстарын атқарады [1, 58 б.].

Портрет – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу. Жазушы негізгі қаһармандардың келбетін, бой-тұлғасын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін есте қаларлықтай етіп, әсерлі бейнелеуге мән береді [2, 282 б.].

Ғалым З. Қабдолов: «Оқырман өзі оқыған белгілі бір көркем шығармадағы геройлардың мінезін біліп, сөзін ести тұра сырт пішінін, кескін-кейпін де көргісі келеді. Портрет тәсілі осыдан туған», – дейді [3, 117 б.].

Ғалым Ә. Нарынбетов жазушы Ғ. Мүсірепов туралы өзінің «Шебер мүсінші» мақаласында былай дейді: «Жалпы суреткердің өзіндік даралығы болу үшін оның идеялық позициясы биік болумен қатар, ол дарынды болуы да басты шарт. Оның үстіне қаламгердің өзіне дейінгі әдебиет классиктерінің тәжірибесіне де мықтап арқа сүйеу ауадай қажет. Осы қасиеттердің бәрі бір бойынан түгел табылатын Ғабит Мүсірепов - қандай шығарма жазса да, оны әдебиеттің саф алтындай мінсіз, мәңгі туындысына айналдыратын аса сирек таланттардың бірі. Ол тарихи өткен өмірді де, қазіргі халық тіршілігін де мейлінше мұқият та қапысыз зерттей отырып, адам психологиясының, мінезінің құпия тереңдеріне үңіле білетін, сол арқылы шығармадағы адам образының шынайы қалыпта сомдалуына дарын күшін сарқа жұмсайтын, әрі ізденімпаз, әрі аса еңбекқор майталман шеберлердің алдыңғы сапынан табылумен болды. Сондықтан да оның қай-қай шығармасында да, мейлі ұнамды, мейлі ұнамсыз болсын, арғы-бергі қоғам өкілдерінің зергерлікпен жасалған алуан сипатты тұлғалары бар. Сол сомдалған адам бейнелері арқылы жазушы суреттеліп отырған кезеннің, дәуірдің, қоғамның шындығын да оқушы зердесіне терең ұялата білді. Сондықтан Ғабит Мүсірепов шығармаларының өмірі танытушылық күші, идеялық, эстетикалық әсері ешқашан бір бәсеңдеп көрген емес».

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу материалының көлемі мен сипаттамасына сәйкес лингвистикалық, лингвомәдени және әлеуметтік-лингвистикалық әдістер мен тәсілдер кешені пайдаланылды. Зерттеудің негізгі әдісіне негізгі материалды меңгеру, жалпылау, интерпретация мен топтастыру тәсілдері енетін сипаттау әдісі айналды.

Қазақ прозасының әр түрлі даму кезеңдеріне лексикалық бірліктердің қызметіне салыстырмалы талдау, сонымен қатар қазақ және басқа да түркі тілдері лексикасына типологиялық сипаттама жасауда салғастырмалы әдіс қолданылды.

Әр түрлі уақыт кезеңдерінде жазушының тіл шеберлігі құрамы мен құрылымдарының өзгерісін анықтау, прозалық лексикаға генетикалық меншіктікті айқындау барысында салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Осы аналарымыздың портретін салудағы жазушының «Ашынған на» шығармасынан үзінді ана портретіне тоқталайық:

«Жағы суалған. Бет-аузы айғыздап тілген әжім мандайы мен екі көзінің құйрығында түйісіп жұлдызданып тұр. Ағарған әжім сызықтарының әрқайсысы бір-ақ тілектің ізі екенін ешкім аңғарған жоқ. Жарылған еріндерін тас жұмып алып, үй иесіне от шашқан қара көзін қадады да, жауап күтті. Жырым-жырым жеңінен білегіне дейін көрінген қайыстай қап-қара қолын көсеу ме дерсің. Мүйіздей қара саусағының біріндегі күміс сақина өзгеше жарқырып көзге ұрады» («Ашынған ана», 26 б.) – жазушы бұл жолдардан арып-ашқан ананың аянышты халін көрсетеді. Бірақ еш шарасыз ананың батылдығы бірден-ақ байқатып тұрған «от шашқан қара көзін қадады» деген жолдарынан анық көрінеді. Оның от шашқан қара көзінен, туған еліне, жеріне жетіп, баласымен қауышуға деген үміт оты өшпегені анық көрінеді. Ананың азып-тозған түрінен жазушы оның өткен өмірінен де мағлұмат бере кетеді. «Мүйіздей қара саусағының біріндегі күміс сақина өзгеше жарқырып көзге ұрады» деген жолдардан біз ананың өткен өмірінің ел қатарлы өткенін, адам сияқты өмір сүргенін қолындағы күміс сақинасына қарап аңғарамыз.

Жазушы қаһарманның портретін кейде кең түрде бір жерде тоқтап суреттейді. Кейде қаһарманның амалын, басында болған күйінішін-сүйінішін жазып отырып біртіндеп, портреттің әр бөлшегін әр жерде көрсету әдісімен жасайды [1, 58 б.]. «Бишараның боз көйлегі жырым-жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара. Ерні қырық тілінген, жарық-жарық. Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Жалынған жоқ, сасқан жоқ, қырық жігітті билеп әкетті», - деген жолдарда ананың мүсепір халін суреттеумен қатар, бойындағы қайсарлықты да танытады. Өмірі жеңіліп көрмеген Жалпақ батырдың өзін ешқандай қарусыз-ақ от жанған көздерімен батырдың айтқанынан қайтарды. Бауыр еті баласын қорғап қалуға қай ана болсын солай жасар еді. Суреткер өз туындыларында ана бейнесі, яғни қазақ қызының барлық асыл қасиеттерін ашып кеңінен көрсетеді. «Екі көз бір-бір қадалысып, екі от бір-бір шарпысып қарғанда, ана кірпігінің бір талы да селт еткен жоқ» («Ашынған ана», 38 б.) – деген жолдардан жазушының қазақ қызына ешкім айбат шеге алмайтынын, қатыгез қарақшыға қарсы шығатын күшін суреттейді. Қазақ әйелі небір қиыншылықтарды басынан өткізіп, өрімдей жасында малға да сатылып, күн де болып өмір сүрді. Бірақ өр мінезді аналарымыз оның бәріне қажырлықпен күресе білді. Шебер жазушы мұны да естен шығармай ана портретін суреттегенде де көрсете кеткен:

...Бір уақытта селк етіп көзімді ашып кеп қалғанымда, көзіме үймелеген қара шыбын ду ете түсті. Көзім жыбыр-жыбыр етіп ашқызбайды. Көзімнен басқа жерім қорғасынмен құйып тастағандай, тұрайын десем, денемде өзіме бағынатын бір мүше қалмапты, бәрі бөтен. Қолымды көтеріп денемді барлайын десем, қолым тырп етпейді. Аяғымды қозғайын десем, аяғым өзімдікі емес... («Ашынған ана», 30 б.) деп жазушы ананың аянышты халін

күйінішін-сүйінішін қиналғанын аша суреттейді. Соққыға жығылған ана бірақ еш өкінібейтіні сезіледі. Ана арқасында қайыс қамшы жыландай жүйткіп жүр... Арашаға жарай алмаған ауыл ұятына тұншыққандай тым-тырыс. Тек отыз өрім қамшы ғана әйел арқасында жыландай ысылдайды. («Ананың арашасы», 38 б.) немесе Қара көк жапырақты ақ көйлек қызылға айналып, арқа жағы тілім-тілім болып кетті. Қанға бойалған қамшы ана денесінің ашылған жерлерін иіскеп табатындай жанға батар жеріне дәл-дәл тиеді. Қамшы сарт етіп қалғанда ана көзінен от ұшқыны да жалт етіп қалады. Сіресіп қалғандай табан аудармай, кек кернеген ана тұр да, мың сұрауынан бір жауап ала алмай ызаға булығып Антонов тұр. Ана тістері тіл қақпасын тас бекітіп тастапты, қарысып қалған жақтары тісті-тіске айқастыра түседі. (Ананың арашасы, 39 б.) Жазушы шығармадағы кейіпкердің шыдамдылығын ана әрқашан да сенімділіктің, әділдіктің төресі екенін көрсетеді. Суреткер өз шығармаларында ананың бар қасиеттерін аша көрсетіп, кейіпкердің іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, көңіл-күйі арқылы керемет портретті тудырып дүниеге әкеледі. Шығармаларындағы аналар портретінің ерекше ашылғандығы соншалық, адамның ішкі жан дүниесін портрет жасауда ерекше қолданған. Ананың баласын аман сақтап қалу жауға ештеңе айппауы ананың бала үшін барын беретінін көрсетіп тұр.

Ел басына күн туған кездегі шарасыз ананың бейнесін сомдаған «Ер ана» шығармасынан үзінді алайық, ананың іс-әрекеті, ана баласын жанұшыра қорғауы жазушы ананың баласы үшін мұндай қатерге барып отырғанын көрсетеді. Көрінген бұтаны бойтаса жасап, қалаға қарай жалғыз әйел келе жатыр. Түп ізі – қалың орман, меңзегені осы қала сияқты. Жауған оқты елемей, өлім қаупін ескермей келе жатқан ана еді ол. Өмір үшін сынға түссе, ана жүгегі бүлк еткен бе! Әйел бұршақтай бораған оқ астына қарай кіріп келе жатыр. Бұл – аңраған ана Наталья еді (Ер ана, 42-б.) Қай ана болсын бауыр еті баласы үшін қандай қауіп болса да көнеді, шыдайды. Ол ананың өз баласына деген махаббаты, баласын қандай жағдайдан болса алып шығатын ер ананың іс-әрекеті.

– Орнынан жаңылған екем. Қайтадан ондап жіберейін деп, – Наталья мектепке қарай бұрылғанда, бір ғана гүрс етіп, мектеп үйі аспанға ұшты. Ұшқан бөренелер, қара бұйраланған от жалыны мектеп айналасын түгел жауып кетті. Баласын баурына қыса түсіп, ер ана да қара түнге сүңгіп кеткендей жоқ болды... (Ер ана, 47 б.) – бұл Наталья ананың ерлігі жайындағы үзінді Ер ана тек қана баласы үшін ғана емес елін талқандаған Фашистердің көзін құртып еліне деген сүйіспеншілігін дәлелдейді. Қатыгез, қайырымсыз фашистердің ойранын шығарған ер ана көздеген мақсатына жетті. Сол арқылы біз Наталья ананың портретінің ерекшелігін байқаймыз. Ер аналарымыз өз баласының арқа сүйер тіреуі, қолдап-жебеушісі, алыс кетсе алаңдаушысы жанашыр адал досы саналады: «Хатты тұра келіп оқи

бастаған Нұриланьң тізелері бүгіліп құлайберді де, қабырғаға сүйеніп барып әрең оңалды. Ақлимада сүйемел боларлық та жай жоқ еді. Жаралы жүректер ұйып қана, төмен тартып бара жатыр. Әлдене алқымға тығылып, жұтындырмайды да (Ақлима, 48 б.) – суреткердің портрет салудағы ананың баласының бір нәрсеге ұшырап қалды ма деген жан ұшырған кейпін жазушы ана халінің тым төмен екенін көрсетеді. Ана әрқашан баласының амандығын тілейтінін жеткізеді.

Ғ. Мүсірепов шығармаларының халық өмірінің шынайы сипатын танытатын көлемді көрнекті туындыларының бірі – «Ұлпан» романы. Ғалым Ә. Нарынбетовтың айтуынша: «Романдағы Ұлпан бейнесін суреттеуге Ғ. Мүсірепов бүкіл өмір бойы іштей дайындалып, көп ізденіп, толғанғаны байқалады» – дейді. Демек, Ұлпан бейнесінің ерекшелігі де осында. Ұлпанның сұлулығы, бүкіл болысты өз аузына қарата білуі, терең мінезі, зеректігі, жаңашылдығы барлығы-барлығы дерлік жаңа портрет. Өз ұнатқан адамына қосылып, ақылының арқасында бір болысты билеуі Ұлпанның жаңашыл бейне екені қазақ қыздарын жаңа қырынан көрсетті. Шай кұйып отырған қыздың он саусағы мен беті ғана көрінеді. Сұлулығын да, балғындығын да паш етпей тежеп ұстайтын қыз болуы керек. Әлде сұңғыла қыз жасыра ұстаған сұлулықтың өлтіре қызықтыратынын біле ме екен?... Уысың толар жуан бұрымының астынан мойны ағараңдайды. Үлбіреген ақ саусақ емес, әрі іске үйреніскен қолдары сенімді де оңтайлы қимылдайды (Ұлпан, 38 б.) Жазушы бұл жолдардан өз туындысындағы бас кейіпкердің портретін қалыптастырудағы және кейіпкердің бейнесінің оның сұлулығын айқындайтын тәсілді ерекше қолданған. Ұлпанның сөзсіз сұлу екенін оқырман оның портретін көз алдына елестете отырып-ақ есте сақтап қалады. Жазушы өз кейіпкерінің бейнесін осылай қалыптастыра бастайды. Ұлпан өзінің әкесіндей адамның ұнатқанына тандана-таңырқай қарайды. Не күлерін, не жыларын білмей дал болған Ұлпан байнесіне тоқталайық: «Ұлпан бір түсініксіз күлкімен күле бастады. Тоқтай алмай күлді. Қуаныш күлкісі, ойын-қалжың күлкісі бұлай болмайды. Бұлай күлгенінен де жылағаны жақсы болар еді. Жынданып кеткендей атынан ауып, ар жағына қарай құлап барады» (Ұлпан, 62 б.) – дейді. Ұлпанның өз әкесіндей адамның қармағына түсіп қалам ба деген күдігінің расталғанына қатты күйінегенін байқаймыз. Ұлпанның бұл жағдайда не дерін айта алмай қалғанын айқын көреміз. Шай ішіліп болған соң самаурды орнына қойды да, Ұлпан шығып кетті. Үй іші ажарынан айырылып, сұрғылт тартып, жүзеп қалды. (Ұлпан, 39 б.) Ұлпан бойынан қазақ қызының ыспайылығын көрсетіп, Ұлпанның алақанына өмір бойы жусаң да кетпес бір майлы жылбысқы жабысқандай болды. Сол жабысқақ қыз алақанының есінде әлі бар, Ұлпан әлі жиркенеді (Ұлпан, 42 б.) – деп жазушы өз кейіпкері ұлпанның

қызды қалың малға сатуға мүлде қарсы екенін көрсетсе, жылбысқыша жабысқан атастырылған күйеуін мүлде ұнатпайтынын суреттейді. Ұлпанды жаңашыл тұлға екенін де дәлелдейді. Далада өскен қазақ қызына жылдың төрт мезгілі ғана, әр күннің өзіндеәлденеше мезгіл бар. Бәрінің де өз қызықтырары бар. Бір жұмадай атқа мініп далаға шықпаған қыз, даласын сағынып қалыпты. (Ұлпан, 56 б.) автор өз кейіпкерінің портретін ашу үшін өте көп зеріттегені бірден аңғарылып тұр. Ұлпанның ат құлағында айнайтынын және оның үнемі ат үстінде жүретінін жазушы ана портретін салуда бұл қасиетті тек қазақ қыздарына тән деп алып отыр. Ұлпан портреті шығарма барысында осылай ашыла бастайды.

### **Қорытынды**

Портрет – образ жасаудағы белгілі бір бөлім ғана. Жазушы шығармаларында образды жасауда портрет арқылы шығармаға қатысушы кейіпкердің бейнесін танытады. Көбінесе портрет шығармалардың басында келеді, оқырманға кейіпкер бейнесін алдын ала ескерту.

Ғалым Ә. Нарынбетов жазушы Ғ. Мүсірепов туралы өзінің «Шебер мүсінші» мақаласында былай дейді: «Халық бейбіт тірлікте әйелді асқар таудай сүйеніш деп есептесе, ел басына күн туған қатерлі шайқастарда батырдың бірінші серігі деп білген. Сол көне заманда алғырлығымен, шешендігімен, тапқырлығымен, батылдығымен, сезімталдығымен ел аңызына айналған қазақ әйелі аз емес. Міне, осы тарихи шындық, көркем өнердегі әйелдердің есте қаларлық талай-талай образдары жазушы Ғ. Мүсіреповке де ой салып, тікелей ықпал жасаған» – дейді.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

- 1 **Жұмалиев, Қ.** Әдебиет теориясы. – А. : «Мектеп», 1960. – 246 б.
- 2 Әдебиеттану (терминдер сөздігі). Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006. – 398 б.
- 3 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – А. : «Санат», 2002. – 360 б.
- 4 Ғ. Мүсірепов туралы естеліктер. Құрастырушы: С. Оразалы. – А. : «Білім», 2004. – 480 б.
- 5 **Нарымбетов, Ә.** «Қазақ әйелі» -А.: «Жалын», 1982.
- 6 **Әуезов, М.** Тіл және әдебиет мәселесі. Шығармалар Т-12, – А., 2008. – 259 б.
- 7 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – А., 2006. – 259 б.
- 8 **Майтанов, Б.** Қазақ романы және психологиялық талдау. –А., 2014. – 259 б.
- 9 **Дүйсенов, М.** Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. –А., 2014. – 259 б.



10 **Елеукунов, Ш.** Әдебиет және ұлт тағдыры. –А., 2013. – 259 б.

### References

- 1 **Jūmaliev, Q.** Ädebiät teoriasy. [K. Zhumaliev. Theoria litteris] – A. : «Mektep», 1960. – 246 b.
- 2 Ädebiätanu (terminder sözdığı). [Litterarum studiis (dictionary of terms)] Semei-Novosibirsk, «Taler-Pres», 2006. – 398 b.
- 3 **Qabdolov, Z.** Söz öneri. [Z. Kabdolov Arte Verbum] – A. : «Sanat», 2002. – 360 b.
- 4 Ğ. Müsirepov turaly estelikter. Qūrastyruşy: S. Orazaly. [Memoria G. Musrepov. Composuit: S. Orazaly] – A. : «Bilim», 2004. – 480 b.
- 5 **Narymbetov, Ä.** «Qazaq äieli» [A. Narymbetov «Kazakh uxor»] – A. : «Jalyn», 1982.
- 6 **Äuezov, M.** Tıl jäne ädebiät mäsesi. [Auezov, M. The problem of language and literature] Şyğarmalar T-12, – A., 2008. – 259 b.
- 7 Ädebiätanu terminderinñ sözdığı. [Dictionary of literary terms] – A., 2006. – 259 b.
- 8 **Maitanov, B.** Qazaq romany jäne psihologialyq taldau. [B. Maitanov. Kazakh nove et animi analysis] – A., 2014. – 259 b.
- 9 **Düisenov, M.** Ädebiättegi mazmün men formanyñ burlığı. [M. Duysenov. Unitatem contentus et forma in litteris] – A., 2014. – 259 b.
- 10 **Eleukenov, Ş.** Ädebiät jäne ült tağdyry. [Sh. Eleukenov. Litteris et fata gentis] – A., 2013. – 259 b.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

*А. К. Сулейменова, М. Сахаба*  
Инновационный Евразийский университет,  
Республика Казахстан, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 16.03.21.

### ПОРТРЕТ МАТЕРЕЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ Г. МУСРЕПОВА

*В данной статье подробно раскрыты образ матери в произведениях В. Мусрепова. Большую часть своих произведений Габит Мусрепов посвятил теме матери, поэтому в произведениях писателя широко известен портрет матери. Академик З. Ахметов говорил о героях в произведениях писателя: «из образов каждого*

*героя, сделанного В. Мусреповым, мы увидим всю жизнь. Его герои – в основном люди труда... образ матери-героини тоже был отмечен в произведениях Габита». В казахской литературе исполняли традиции великого русского писателя А. М. Горького. Он переводил из М. Горького произведения: «Мать человека», «Мать, победившая смерть», «Ана кесімі айнымайды», и сам пишет рассказы: «Ананьң анасы», «Ашынған ана», «Ананьң арашасы», «Ер ана», «Аклима». В своих произведениях отметил, что через такие личности, как Улпан, Аклима, Назыкеш, писатель описал жизнь матерей, женщины. Например: образ Улпан – крепкая, умная мать народа.*

*Ключевые слова: образ, портрет, репрезентатив, денотатив, меморатив, когнитив.*

*A. K. Suleimenova, M. Sakhaba*  
Innovative Eurasian University,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.  
Material received on 16.03.21.

## **NOMINAL ASPECT OF THE HEROES NAMES**

*This article describes in detail the image of the mother in the works of V. Musrepov. Gabit Musrepov devoted most of his works to the theme of the mother, so the portrait of the mother is widely known in the works of the writer. Academician Z. Akhmetov said about the characters in the writer's works: «from the images of each hero made by V. Musrepov, we will see the whole life. His characters are mostly people of labor... the image of the mother heroine was also noted in the works of Gabin». In the Kazakh literature and craftsmanship was performed by the traditions of the great Russian writer A. M. Gorki. He translated from m. Bitter works: «mother man», «mother of the victorious death», «Ана cesm inamide», and he writes stories: «Ananny anasy», «Asian Ana», «Anany of anasasi», «Er Ana», «Aklima». Through figures such as Ulpan, Aklima, Notices, the writer described the life of mothers and women. For example: the image of Ulpan-strong, smart, strong, strong, strong, strong, strong, strong, mother of the coun.*

*Keywords: image, portrait, representative, denotative, memorative, cognitive.*

Теруге 16.03.2021 ж. жіберілді. Басуға 26.03.2021 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
1,80 Mb RAM

Шартты баспа табағы 17,0. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева  
Корректор: А. Р. Омарова  
Тапсырыс № 3754

Сдано в набор 16.03.2021 г. Подписано в печать 26.03.2021 г.  
Электронное издание  
1,80 Mb RAM

Усл. печ. л. 17,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. Шукурбаева  
Корректор: А. Р. Омарова  
Заказ № 3754

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)  
[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)